

Сайрам ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі  
«Қазына» бебекжайы

«Жұлдызша» ересек тобы

## Ұйымдастырылған оқу қызметі

### *«Күзгі табигат»*



Дайындаған тәрбиеші: А. Сатимова

Ақсукент-2021-2022 оқу жылы



## Ашық үйымдастырылған оқу қызметі

Күні: 28.10.2021 м

Тәрбиеші: А.Сатимова

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлім: «Сойлеуді дамыту»

Тақырыбы: «Күзгі табиғат»

**Мақсаты:** Күзгі табиғатты бакылау кезінде қарапайым өзгерістерді атайды білуге және өздерінің сезімдері туралы әңгімелегуге үйрету. Сөздік қорларын жетілдіріп, ауыз екі сөйлеулерін дамыту. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

**Қажетті көрнекі құралдар:** кейіпкер, ағаштардың макеттері, қылған жапырақтар т.б.

**Әдіс-тәсілдері:** Ғажайып сәт, әңгімелесу, сұрақ-жауап .

**Сөздік жұмыс:** қонақ, күз ханшасы.

**Билингвальді компонент:** Жапырақ-листья. Күз-осень.

| Оқу<br>қызметінің<br>кезеңдері       | Тәрбиешінің іс-әрекеті   | Балалардың іс әрекеті   |
|--------------------------------------|--|---|
| <b>Мотивациялық -<br/>коғзашылық</b> | <p>Шаттық шенбері.</p> <p>-Армысың қайырымды<br/>Аспан Ата!</p> <p>Армысың мейірімді<br/>Жер-Ана!</p> <p>Армысың шұғылылы<br/>Алтын-Күн!</p> <p>Күліп шықты күн бүгін!<br/>Қайырлы таң қайырлы күн,<br/>Куанышты күн бүгін!<br/>Қайырлы таң апайлар,<br/>Қайырлы таң достарым!</p> | <p>Балалар тәрбиешімен<br/>бірге шаттық шенберіне<br/>тұрады. Қымыл-<br/>қозғалыс пен<br/>қайталайды.</p> |

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?  
 -Күз мезгілі екенін қайдан білдіңдер?  
 -Күз мезгілінде неше ай бар?  
 -Күз айларын атап беріңдерші?  
 -Күзде құстар қайда ұшып кетеді?

### Ғажайып сәт

Есік қағылады. Ішке «Күз ханшайымы» кіреді. Балалармен, қонақтармен амандасады.

Күз ханшасы:

-Сәлеметсіңдер ме балалар!  
 Мен сендерге алтын күз елінен қонаққа келдім. Сендерге өзімнің сыйымды да ала келдім. Сыйыммен қоса өзімнің тапсырмаларымды да ала келдім. Мениң тапсырмаларымды орындауға әзірсіндерме?

Тәрбиеші:

-Балалар күз ханшайымы біздерге тапсырмаларын ала келіпті. Ендеше сол тапсырмаларды орындалап көрелік.

Күз ханшайымы:

-Алдымен мен сендерге жұмбак жасырамын.

1. Түрі шар сиақты.

Түсі қып-қызыл,

Дәмі бал сиақты. (Шие)

2. Көкпенбек еді көктемде,

Қызарды күні жеткенде. (Алма)

-Жарайсындар балалар!

Жарайсындар балалар:

Ал енді екінші тапсырмам: өз өнерлерінді паш етсендер. Күз

еліме алып кетемін. Өз елімдегі достарыма сендердің аттарынан сыйға беремін.

-Күз мезгілі.

Ағаштардың жапырақтары сарғайып, жерге түседі. Қыркүйек, қазан, қараша.  
 -Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

Балалар есік жаққа назар аударады.

Балалар күз ханшайымымен амандасады.

-Ия, әзірміз.

Балалар жұмбақты шешеді.

мезгіліне қатысты кім тақпактар  
біледі екен?

**Кезек балаларға:**  
**тақпактар**

Нан анасы – бидаймын  
Елге астық сыйлаймын  
Дәнім толып піскенде  
Қауызыма сыймаймын.  
Мен **Бидаймын**


Топыракта шүрайлы,  
Өскен, қызыл шүрайлы.  
Қызанақты бала да,  
Қарияң да сүрайды.  
Мен **Қызанақпын**

Бекершілік онысы  
Дымқылға бай қонысы  
Кияр деген, бауырым,  
Витаминдер: А, В, С.  
Мен **Киярмын.**

Күннің нұрлы шуагы  
Шұғыла боп шылады.  
Қызыл қырау ерісін,  
Қарбыз болып ауызда  
Мен **Қарбызын**

Істен қашып, бұқпағын  
Дұрыс мұны ұққаның:  
Тәтті, дәмді қауынның  
Ащы терден шыққанын.  
Мен **Қауынмын**

Пияз мына, асылы,  
Жүр құлығын асырып,  
Көрсетпейді сақалын  
Топыракқа жасырып. Мен **Пиязбын**



Ііс сезу, дөмін тату  
арқылы жемістерді  
ажырату.

### Ойын «Кім жылдам?»

#### «Қандай жеміс» ойыны

Шарты: Көздері байлаулы  
оыйншылар қолдарымен сипап сезу  
арқылы қандай жеміс немесе көкөніс  
екенін табу).  
Себетке жинау.

Жарайсындар балалар!  
-Балалар, ойынды жақсы ойнайды  
екенсіндер.

Ал енді кішкене сергіп алындар!  
/Балалар тәрбиесі көмегімен сергіту  
жасайды/.

Алтын, сары, қызыл, көк,  
Алуан – алуан жапырақ.  
Күзгі бақта күлімдеп,  
Көз тартады жалбырап,  
Таудан салқын жел соқса  
Сыбдыrlайды қалтырап,  
Жақын қалды желтоқсан  
Жабырқайды жапырақ!



### Тапсырма: «Күз белгілерін ата»


Сурет бойынша әңгімелесу.

/Тіл дамыту жаттығуы /

Күз мезгілі жаз мезгілінен кейін  
келеді. Күз айлары: қыркүйек, қазан,  
қараша. Күзде күн сұытады, жауын-  
шашын көп болады. Балалар мектепке  
барады. Жиын-терін болады. Күзде  
ағаш жапырақтары сарғаяды, жел  
соғады, ағаштар тербеледі, жапырақ -  
тар жерге қалықтап түседі. Сонымен  
бірге көптеген өзгерістер болады.  
Күзде жаз мезгілігдегідей күн ыстық  
болмайды, күн сұытады, жаңбыр  
жауады. Адамдар жылы киінеді.

Күз белгілері





|                                   |  |  |
|-----------------------------------|--|--|
| <b>Рефлексиялық - түзетушілік</b> | <p>Жарайсындар балалар! Сендер бүгінгі күнді керемет өткіздіңдер. Мен сендерге өте ризамын. Мына күз кереметі болған сыйымды қабыл алындар.</p> <p>/Алма, алмұрт, жұзім салынған сыйды балаларға үлестіреді/.</p> <p><b>Корытынды:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Балалар бүгін біз жылдың қай мезгілі туралы айттық?</li> <li>-Күз мезгілінің неше айы бар екен?</li> <li>-Қонаққа бізге кім келді?</li> <br/> <li>-Жарайсындар балалар бүгін сендер тапсырмаларды өте жақсы орындағындар. ҰОҚ-мізге белсене қатыстындар.</li> <li>Сендерге көп-көп раҳмет!</li> <li>-Ал енді қонақтарымызды күз сыйын таратып, қоштасып шығарып салайық.</li> </ul> | <p>Балаларқұз ханшайымымен қоштасады.</p> <p>Балалар қуана қабылдайды.</p> <p>-Күз мезгілі.</p> <p>-Үш айы бар.</p> <p>-Күз ханшайымы.</p> <p>-Сая болыңыздар.</p> |
|-----------------------------------|--|--|

### Күтілетін нәтиже:

**Біледі:** жылдың қай мезгілі екенін атай білу.

**Талапты болуы:** сөздік қорларын молайту, сөйлеуін дамыту; Салауатты өмір салтын сақтау бой сергіту жаттығуларын жасай білу.

**Көрсете білуі:** дидактикалық ойын ойналды, сұраптарға жауап берді.

*Дүскер . З.*



## "Күзгі табиғат"

